

**"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне аумақтық әділет органдары ұсынатын әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 238 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 9 шілдедегі № 1069 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 шілдеде № 17204 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне аумақтық әділет органдары ұсынатын әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 238 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9646 болып тіркелген, 2014 жылғы 14 тамыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған келесі нысандар бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша түскен өтініштер туралы есеп;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алым туралы есеп;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес тіркеуші органның іс-әрекеттеріне берілген сот талаптары туралы есеп;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес заңды тұлғаларды тіркеу саласында қозғалған әкімшілік істер саны туралы есеп;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеу туралы есеп;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеу туралы елтаңбалы куәлік бланктерінің қозғалысы туралы есеп;

7) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес шетелдердегі іс әрекеттер үшін арналған ресми құжаттарға апостиль қою бойынша жұмысы туралы есеп;

8) осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес нотариустар куәландырған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, сотқа және Әділет департаментіне берілген шағымдар туралы, нотариустарға қатысты шығарылған соттың жеке ұйғарымдары және қаулылары туралы есеп;

9) осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес Әділет департаментінің нотариаттық қызмет мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыруы туралы есеп;

10) осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары бойынша есеп;

11) осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес нотариустардың сандық құрамы туралы есеп;

12) осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес нотариустарға қатысты қозғалған қылмыстық істердің қозғалысына мониторинг туралы есеп;

13) осы бұйрықтың 13-қосымшасына сәйкес нотариустар жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің саны туралы есеп;

14) осы бұйрықтың 14-қосымшасына сәйкес соттар, тергеу және анықтау органдарының мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде шығарған қаулыларының саны.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 - қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 - қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде ресми жариялану және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрінің міндетін атқарушы

Ж. Ешмағамбетов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы 12 шілде

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2018 жылғы 9 шілдедегі
 № 1069 бұйрығына
 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2014 жылғы 15 шілдедегі
 № 238 бұйрығына
 1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
 арналған нысан

Заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша түскен өтініштер туралы есеп
Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: ЗТ 1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар тобы: Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының

Әділет департаменттері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне қарай.

Заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша түскен өтініштер туралы есеп

№	Облыстық және қалалық Әділет департаменттері	Тіркеуге түскен өтініштердің саны								Заңды тұлғалардың хабарламалары	
		Тіркеу		Қайта тіркеу		Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу		Тарату		Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде
		Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде		
1	2	3								4	

жалғасы:

Тіркеуден бас тартылды,(қайта тіркеуден, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден, таратудан)		Тіркеудің мерзімін үзуі (қайта тіркеуден, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, таратудан)		Түскен хат-хабарлардың саны			
				Мемлекеттік органдардың сұраулары		Жеке және заңды тұлғалардың арыздары	
Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде
5		6		7			

Орындаушының _____ телефон нөмірі _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл М.О.

Ескерту: Осы нысанның қосымшасына сәйкес толтыру туралы түсінік

Заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша түскен өтініштер туралы есептің нысанына қосымша

"Заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша түскен өтініштер туралы есеп" толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсініктеме "Заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша түскен өтініштер туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.
2. Нысанды аумақтық әділет органдары тоқсан сайын жасайды.
3. Нысанынға Әділет департаментінің басшысы тегін, атын және, әкесінің атын (бар болған жағдайда), сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып қол қояды.
4. Нысан тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне ұсынылады.
5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.
6. Деректер есептік тоқсанның, ағымдағы жылдың бөлінісінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркелген сәттен бастап көрсетіледі.
7. Нысандар әкімшілік-аумақтық бірлік бөлінісінде (облыстық, республикалық маңызы бар қаланы көрсетумен) толтырылады.
8. Нысан келесі түрде толтырылады:

1 - бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2 - бағанда "Облыстық және қалалық әділет департаменттері"- әділет департаментінің атауы көрсетіледі;

3 - бағанда "Тіркеуге келіп түскен өтініштердің саны" 4 бөлімнен тұрады:

1 - бөлімде "Тіркеу" - заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің тіркеуге ұсынған өтініштерінің саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде тіркеуге ұсынылған өтініштердің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде тіркеуге ұсынылған өтініштердің саны.

2 - бөлімде "Қайта тіркеу" - заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің қайта тіркеуге ұсынған өтініштерінің саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде қайта тіркеуге ұсынылған өтініштердің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде қайта тіркеуге ұсынылған өтініштердің саны.

3 - бөлімде "Заңды тұлғаның, филиалдар мен өкілдіктердің орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу" бұл бағанда заңды тұлғаның, филиалдар мен өкілдіктердің орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге ұсынған өтініштерінің саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде заңды тұлғаның, филиалдар мен өкілдіктердің орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге ұсынған өтініштерінің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге ұсынған өтініштерінің саны.

4 - бөлімде "Тарату" - бұл тарауда заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің) таратуға ұсынған өтініштерінің саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде таратуға ұсынған өтініштердің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде таратуға ұсынған өтініштердің саны.

4 - бағанда "Заңды тұлғалардың хабарламалары" бұл тарауда тіркеуші органға түскен хабарламалардың саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімдерден тұрады:

1) есептік кезеңде ұсынған хабарламалардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде ұсынған хабарламалардың саны.

5 – бағанда "Тіркеуден (қайта тіркеу, құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, тарату) бас тартылған" бас тарту жөнінде шығарылған бұйрықтардың саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімдерден тұрады:

1) есептік кезеңде тіркеуден (қайта тіркеу, құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, тарату) бас тарту жөнінде шығарылған бұйрықтардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде тіркеуден (қайта тіркеу, құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, тарату) бас тарту жөнінде қабылданған бұйрықтардың саны;

6 - бағанда "Тіркеу (қайта тіркеу, құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, тарату) мерзімі үзілген" мерзімін үзу жөнінде шығарылған бұйрықтардың саны көрсетіледі, өз кезегінде келесі бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде тіркеу (қайта тіркеу, құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, тарату) мерзімін үзу жөнінде шығарылған бұйрықтардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде тіркеу (қайта тіркеу, құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, тарату) мерзімін үзу жөнінде шығарылған бұйрықтардың саны;

7 - бағанда "Келіп түскен хат – хабарлардың саны" келіп түскен хат-хабарлардың саны көрсетіледі, өз кезегінде екі бөлімнен тұрады:

1 - бөлімде "Мемлекеттік органдардың сұрау хаттары", өз кезегінде 2 бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде мемлекеттік органдардан келіп түскен өтініштердің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде мемлекеттік органдардан келіп түскен өтініштердің саны;

2 - бөлімде "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері", өз кезегінде 2 бөлімшелерден тұрады:

1) есептік кезеңде жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің саны.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 9 шілдедегі
№ 1069 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 15 шілдедегі
№ 238 бұйрығына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**Заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алым туралы
есеп Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан**

Индексі: ЗТ 2

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар тобы: Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының

Әділет департаменттері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне қарай.

Заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алым туралы есеп

№ р/ н	Облыстық және қалалық Әділет департаменттері	Заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алымның сомасы		Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде
		1	2	3	

Орындаушының _____ телефон нөмірі _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл М.О.

Ескерту: Осы нысанның қосымшасына сәйкес толтыру туралы түсінік

Заңды тұлғаларға жүргізілген
тіркеу бойынша бюджетке
түскен алым туралы есеп
нысанына
қосымша

"Заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алым туралы есеп" толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсініктеме "Заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алым туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды аумақтық әділет органдары тоқсан сайын жасайды.

3. Нысанға Әділет департаментінің басшысы тегін, атын және, әкесінің атын (бар болған жағдайда), сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысан тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Деректер есептік тоқсанның, ағымдағы жылдың бөлінісінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркелген сәттен бастап көрсетіледі.

7. Нысандар әкімшілік-аумақтық бірлік бөлінісінде (облыстық, республикалық маңызы бар қаланы көрсетумен) толтырылады.

8. Нысан келесі түрде толтырылады:

1 - бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2 - бағанда "Облыстық және қалалық әділет департаменттері" - әділет департаментінің атауы көрсетіледі;

3 - бағанда "Заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алымның сомасы" бұл бағанда тіркеу рәсімі (тіркеу, қайта тіркеу және тарату) үшін төленген тіркеу алымының сомасы көрсетіледі, өз кезегінде 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңдегі заңды тұлғаларға жүргізілген тіркеу бойынша бюджетке түскен алымның сомасы (тоқсан);

2) өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі тіркеу алымының сомасы (тоқсан).

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 9 шілдедегі
№ 1069 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 15 шілдедегі
№ 238 бұйрығына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Тіркеуші органның іс- әрекеттеріне берілген сот талаптары туралы есеп Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: ЗТ 3

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар тобы: Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының

Әділет департаменттері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне қарай.

Тіркеуші органның іс- әрекеттеріне берілген сот талаптары туралы есеп

№	Облыстық және қалалық Әділет департаменттері	Сот тәртібімен шағымданған тіркеу (қайта тіркеу) деректері	Талап арыз қарау мәні		Қарау нәтижесі (шешімнің күні және нөмірі)		Тіркеуші органның кінәсі	
			Өткен жылдың	Өткен жылдың	Өткен жылдың	Өткен жылдың		

		Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	ұқсас кезеңінде
1	2	3		4		5		6	

жалғасы:

Талап арыздардың саны		Тіркеу (қайта) тіркеу туралы бұйрықтың күшін жою		Талап арыз тіркеуші органның бұйрығының күшін ж о й м а й қанағаттандырылды		Қарау сатысында	Қараусыз қалдырылған	Талап арызды қанағаттандырудан бас тартылды	Өндіріс тоқтатылды
Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Есептік кезеңде	Есептік кезеңде	Есептік кезеңде
7		8		9		10	11	12	13
Барлығы:									

Орындаушының _____ телефон нөмірі _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл М.О.

Ескерту: Осы нысанның қосымшасына сәйкес толтыру туралы түсінік

Тіркеуші органның іс-әрекеттеріне берілген сот талаптары туралы есептің нысанына қосымша

"Тіркеуші органның іс- әрекеттеріне берілген сот талаптары туралы есеп" толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсініктеме "Тіркеуші органның іс- әрекеттеріне берілген сот талаптары туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды аумақтық әділет органдары тоқсан сайын жасайды.

3. Нысанға Әділет департаментінің басшысы тегін, атын және, әкесінің атын (бар болған жағдайда), сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Деректер есептік тоқсанның, ағымдағы жылдың бөлінісінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркелген сәттен бастап көрсетіледі.

7. Нысандар әкімшілік-аумақтық бірлік бөлінісінде (облыстық, республикалық маңызы бар қаланы көрсетумен) толтырылады.

8. Нысан келесі түрде толтырылады:

1 - бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2 - бағанда "Облыстық және қалалық әділет департаменттері" - әділет департаментінің атауы көрсетіледі;

3 бағанда "Сот тәртібімен шағымданған тіркеу (қайта тіркеу) деректері" бұнда оған қатысты сот шешім шығарған заңды тұлғаның атауы, тіркеу номері және тіркелген (қайта тіркелген) күні міндетті көрсетіледі және 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезең

2) өткен жылдың ұқсас кезеңі;

4 - бағанда "Талап арызды қарау мәні"- есептік кезеңде сотта қаралған талап арыздың қысқаша мазмұны және 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезең

2) өткен жылдың ұқсас кезеңі;

5 - бағанда "Қарау нәтижесі (шешімнің күні және нөмірі)" - сот қарауының нәтижесі күні мен нөмірі көрсетіледі және 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезең

2) өткен жылдың ұқсас кезеңі;

6 - бағанда "Тіркеуші органның кінәсі" тіркеуші органның заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) барысында жол берген кінәлері туралы көрсетіледі және 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезең

2) өткен жылдың ұқсас кезеңі;

7 - бағанда "Талап арыздардың саны" 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңдегі (тоқсан) талап арыздардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі (тоқсан) талап арыздардың саны.

8 - бағанда "Тіркеу (қайта) тіркеу туралы бұйрықтың күшін жою" 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңде заңды тұлғаны тіркеу (қайта) тіркеу туралы бұйрықтың күшін жою жөніндегі сот шешімдерінің саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі заңды тұлғаны тіркеу (қайта) тіркеу туралы бұйрықтың күшін жою жөніндегі сот шешімдерінің саны;

9 - бағанда "Талап арыз тіркеуші орган бұйрығының күшін жоймай қанағаттандырылды". Бұл жағдайда заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы бұйрықтың күшін жоймай қанағаттандырылған талап арыздардың саны көрсетіледі, 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңде тіркеуші органның бұйрығының күшін жоймай қанағаттандырылған талап арыздардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде тіркеуші органның бұйрығының күшін жоймай қанағаттандырылған талап арыздардың саны.

10 - бағанда "Қарастыру сатысында"- есептік кезеңде қарастыру барысындағы талап арыздардың саны көрсетіледі

11 - бағанда "Қараусыз қалдырылды" - есептік кезеңде қараусыз қалдырылған талап арыздардың саны көрсетіледі;

12 - бағанда "Талап арызды қанағаттандырудан бас тартылды"- есептік кезеңде қанағаттандырудан бас тартылған талап арыздардың саны көрсетіледі;

13 бағанда "Өндіріс тоқтатылды" - есептік кезеңде сотта қарау тоқтатылған талап арыздардың саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 9 шілдедегі
№ 1069 бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 15 шілдедегі
№ 238 бұйрығына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Заңды тұлғаларды тіркеу саласында қозғалған әкімшілік істер саны туралы есеп **Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан**

Индексі: ЗТ 4

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар тобы: Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының

Әділет департаменттері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне қарай.

Заңды тұлғаларды тіркеу саласында қозғалған әкімшілік істер саны туралы есеп

№ р/н	Облыстық және қалалық Әділет департаменттері	Заңды тұлғаның атауы, тіркеу қайта тіркеу) күні	Арыздың түскен күні және ӘҚБтК (бабы бойынша хаттаманы толтыру күні	С о т органының қаулы деректері	З а ң д ы тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылығы анықталды		АЕК көрсете отырып өндіру сомасы	
					Өткен жылдың	Өткен жылдың		

					Есептік кезеңде	ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	ұқсас кезеңінде
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы								

жалғасы:

Тоқтатылған материалдардың саны		Қозғаудан бас тартылған		Қарау үстінде	
Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде	Есептік кезеңде	Өткен жылдың ұқсас кезеңінде
10	11	12	13	14	15

Орындаушының _____ телефон нөмірі _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл М.О.

Ескерту: АЕК-айлық есептік көрсеткіш

Ескерту: Осы нысанның қосымшасына сәйкес толтыру туралы түсінік

Заңды тұлағаларды тіркеу
саласында қозғалған әкімшілік
істер саны туралы
есептің нысанына қосымша

"Заңды тұлағаларды тіркеу саласында қозғалған әкімшілік істер саны туралы есепті" толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсініктеме "Заңды тұлағаларды тіркеу саласында қозғалған әкімшілік істер саны туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды аумақтық әділет органдары тоқсан сайын жасайды.

3. Нысанға Әділет департаментінің басшысы тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Деректер есептік тоқсанның, ағымдағы жылдың бөлінісінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркелген сәттен бастап көрсетіледі.

7. Нысандар әкімшілік-аумақтық бірлік бөлінісінде (облысты, астананы, республикалық маңызы бар қаланы көрсетумен) толтырылады.

8. Нысан келесі түрде толтырылады:

1 - бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2 - бағанда "Облыстық және қалалық әділет департаменттері" - әділет департаментінің атауы көрсетіледі;

3 - бағанда "Заңды тұлғаның атауы, тіркеу (қайта тіркеу) уақыты" әкімшілік өндіріс қозғалған заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаның тіркеу нөмірі мен тіркеу күні көрсетіледі;

4 - бағанда өтініштің келіп түскен күні мен 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің бабы бойынша толтырылған хаттаманың күні көрсетіледі;

5 - бағанда "Сот органы қаулысының деректері" - шығарылған сот қаулысының күні мен нөмірі;

6 және 7 бағандарда заңды тұлғаларға қатысты анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі, ол 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңде заңды тұлғаларға қатысты анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде заңды тұлғаларға қатысты анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны;

8 және 9 бағандарда әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берген заңды тұлғаға салынған өндіру сомасы көрсетіледі, ол 2 бөлімнен тұрады:

1) АЕК көрсете отырып есептік кезеңдегі өндіріп алу сомасы;

2) АЕК көрсете отырып өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі (ай, тоқсан, жарты жылға, жыл) өндіру сомасы;

10 және 11 – бағандарда тоқтатылған материалдардың саны көрсетіледі, ол 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңде тоқтатылған материалдардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде тоқтатылған материалдардың саны;

12 және 13 бағандарда "Іс қозғаудан бас тартылған" - әкімшілік іс өндіріс қозғаудан бас тартылған материалдардың саны көрсетіледі, ол 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңде әкімшілік іс қозғаудан бас тартулардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде әкімшілік іс қозғаудан бас тартулардың саны;

14 және 15 бағандарда қарастыру сатысындағы әкімшілік материалдардың саны көрсетіледі, 2 бөлімнен тұрады:

1) есептік кезеңде қарастыру сатысындағы әкімшілік материалдардың саны;

2) өткен жылдың ұқсас кезеңінде қарастыру сатысындағы әкімшілік материалдардың саны.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 9 шілдедегі
№ 1069 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

Орындаушы _____ Телефон нөмірі _____

— Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

Басшы _____

— Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы

Күні " " _____ 20 ____ жыл М.О.

Ескерту: Осы нысанның қосымшасына сәйкес толтыру туралы түсінік

Азаматтық хал актілерін тіркеу
туралы есептің нысанына
қосымша

"Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы есепті" толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсініктеме "Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды аумақтық әділет органдары тоқсан сайын жасайды.

3. Нысанға Әділет департаментінің басшысы тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан тоқсан сайын, жартыжылдықта және жылға есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-і күніне ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Деректер есептік тоқсанның, ағымдағы жылдың бөлінісінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркелген сәттен бастап көрсетіледі.

7. Нысандар әкімшілік-аумақтық бірлік бөлінісінде (облыстық, республикалық маңызы бар қаланы көрсетумен) толтырылады.

8. Нысан келесі түрде толтырылады:

1 - бағанда реттік нөмері көрсетіледі;

2 - бағанда "Өңір атауы" көрсетіледі;

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 бағандарда есептік кезеңде тіркелген актілердің саны көрсетіледі;

1) туу туралы тіркелген актілердің саны, соның ішінде мерзімін өткізіп алған немесе тіркеуші органның қорытындысы бойынша;

2) қайтыс болу туралы тіркелген актілердің саны;

3) неке (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы тіркелген актілердің саны;

4) неке (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы тіркелген актілердің саны;

5) әкелікті анықтауды тіркеу туралы тіркелген актілердің саны;

6) бала (қыз) асырап алу туралы тіркелген актілердің саны;

Туу туралы								
Неке (ерлі-зайыптылықты) қию туралы								
Неке (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы								
Әке болуды анықтау туралы								
Бала (қыз) асырап алу туралы								
Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) өзгерту туралы								
Қайтыс болу туралы								
Барлығы								

Орындаушы _____ Телефон нөмірі _____

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

Басшы _____

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қолы

Күні " _____ 20 ____ жыл М.О.

Ескерту: Осы нысанның қосымшасына сәйкес толтыру туралы түсінік

Азаматтық хал актілерін тіркеу
туралы елтаңбалы куәлік
бланктерінің қозғалысының
есептің нысанына қосымша

Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы елтаңбалы куәлік бланктерінің қозғалысы туралы есепті толтыру бойынша түсінікітеме 1. Алғы сөз

Әділет органдарына жүктелген функциялар мен міндеттеріне сәйкес, азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі - тіркеуші орган) бақылау жүргізіледі. Тіркеуші органдар азаматтық хал актілерді тіркеудің 7 (жеті) түрін (тууды, әкелікті анықтауды, неке (ерлі - зайыптылықты) қию мен бұзуды, бала асырап алуды, тегін, атын және әкесінің аты (бар болса) өзгертуді, қайтыс болуды тіркеу) жүзеге асырады. Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы актілер негізінде елтаңбалы куәліктер беріледі.

Азаматтық хал актілерін тіркеу қызметтері әлеуметтік маңызы бар және берілетін куәліктер азаматтардың құқықтарын болашақта жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

2. Есеп берудің мерзімділігі

Әділет департаменттері тоқсан сайын, жарты жыл және бір жыл ішінде есепті кезеңнен кейінгі айдың бесінші күніне дейін есеп береді.

Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы елтаңбалы куәлік бланктерінің қозғалысы туралы есеп өңірлер бөлінісінде кесте түрінде жасалады және келесі бағандардан тұрады:

- 1 баған - облыстардың атауы;
- 2 баған - есептік кезеңінің басында қалған бланктер;
- 3 баған - есептік кезеңінде алынған бланктер саны;
- 4 баған - берілген бастапқы куәліктер;
- 5 баған - берілген қайталама куәліктер;
- 6 баған - толтырған кезде бүлінген;
- 7 баған – жоғалған;
- 8 баған - барлығы жұмсалған;
- 9 баған - есептік кезеңінің соңында қалған бланктер.

Есеп соңында әрбір бағанның жалпы есебін әрбір түр бойынша жалпы кестеге енгіземіз, атап айтқанда туу, әкелікті анықтау, неке (ерлі - зайыптылықты) қию мен бұзу, бала асырап алу, тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) өзгерту, қайтыс болу.

Есеп нысанына Әділет департаментінің басшысы тегін, атын және әкесінің атын (бар болса), сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып, қол қояды.

Есептің соңында орындаушыны көрсету қажет (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, телефон нөмірі).

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 9 шілдедегі
№ 1069 бұйрығына
7-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 15 шілдедегі
№ 238 бұйрығына
7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Шетелдердегі іс әрекеттер үшін арналған ресми құжаттарға апостиль қою бойынша жұмыс туралы есеп Есептік кезең 20 ____ ж. __ тоқсан

Индексі: РҚА 7

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар тобы: Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының

Әділет департаменттері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне қарай.

Шетелдердегі іс әрекеттер үшін арналған ресми құжаттарға апостиль қою бойынша жұмысы туралы есеп

Аймақ	"Азаматтарға арналған Үкімет" Мемлекеттік корпорациясына"				ЭҮП		
	Келіп түскендердің саны	Апостилденгендердің саны	Қайтарылғандардың саны	Б а с тартылғандардың саны	Келіп түскендердің саны	Апостилденгендердің саны	Қаі сан
1	2	3	4	5	6	7	8

жалғасы:

("Азаматтарға арналған Үкімет" Мемлекеттік корпорациясы+ЭҮП) Құжаттарды қоса алғанда:			Барлығы келіп түсті	Барлығы апостилденді	Барлығы қайтарылды	Барлығы б а с тартылды	Апостиль қоюға өндіріп алынған мемлекеттік баж
Тіркеуші органмен берілгендері	Нотариустармен берілгені	Б а с қ а мемлекеттік органдармен берілгені					
10	11	12	13	14	15	16	17

* Ескерту: СІМ арқылы келіп түскен құжаттарды бөлек көрсетіңіз

тоқсан, жартыжыл, жыл бойынша елдерде апостилденген құжаттар саны

Ай жыл	Аймақ	Австрия	Австралия	Англия	Америка	Беларусь	Бельгия	Болгария	Венгрия	Ұлыбритания	Германия	Греция	И
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	1

жалғасы:

